

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 18/6 "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Тимирязев ауылының және ауылдық елді мекендерінің жерді аймақтарға бөлу жобасын (схемасын), бағалау аймақтарының шекараларын және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 2020 жылғы 17 қыркүйектегі № 48/6 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 23 қыркүйекте № 6543 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 8-бабының 2-тармағына, 11-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 21 маусымдағы № 173 және Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 21 маусымдағы № 34/7 "Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы" бірлескен қаулысы мен шешіміне сәйкес Тимирязев аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Тимирязев ауылының және ауылдық елді мекендерінің жерді аймақтарға бөлу жобасын (схемасын), бағалау аймақтарының шекараларын және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" Тимирязев аудандық мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 18/6 шешіміне (2018 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4474 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 4 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихаттың
хатшысы*

М.Иванова

С.Мустафин

Тимирязев аудандық мәслихатының
2020 жылғы 17 қыркүйегі
№ 48/6 шешіміне

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының ауылдық елді мекендерінің жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері

р/с №	Елді мекеннің атауы	Функционалдық аймағына қатысты коэффициент:			
		Тұрғын үй	Әлеуметтік	Коммерциялық	Басқа
1	2	3	4	5	6
1	Ақжан ауылы	1,0	1,1	1,2	1,1
2	Приозерное ауылы	0,9	1,0	1,1	1,0
3	Ақсуат ауылы	1,1	1,2	1,3	1,2
4	Белоградовка ауылы	1,0	1,1	1,3	1,1
5	Дзержинский ауылы	1,0	1,1	1,2	1,1
6	Дмитриевка ауылы	1,0	1,1	1,2	1,1
7	Жарқын ауылы	1,0	1,1	1,2	1,1
8	Ынтымақ ауылы	0,9	1,0	1,1	1,0
9	Докучаев ауылы	1,0	1,1	1,3	1,1
10	Северное ауылы	0,9	1,0	1,1	1,0
11	Есіл ауылы	1,0	1,1	1,2	1,1
12	Дружба ауылы	1,0	1,1	1,2	1,1
13	Комсомольское ауылы	1,0	1,1	1,2	1,1
14	Степное ауылы	0,9	1,1	1,2	1,1
15	Ракитное ауылы	0,9	1,0	1,1	1,0
16	Мичурино ауылы	1,0	1,2	1,3	1,1
17	Москворецкое ауылы	1,0	1,1	1,3	1,1
18	Ленинское ауылы	1,0	1,1	1,2	1,1
19	Рассвет ауылы	0,9	1,0	1,1	1,0
20	Хмельницкое ауылы	1,0	1,1	1,3	1,1
21	Целинное ауылы	1,0	1,1	1,2	1,1